

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 524 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 291 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 33-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Азаматтық, эксперименттік және мемлекеттік авиацияның авиация персоналы лауазымдарының тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 мамырдағы N 524 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 22, 276-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген азаматтық және эксперименттік авиацияның авиация персоналы лауазымдарының тізбесінде:

"Мамандар" деген 2-тармақта:

"әуеской пилот;" деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"теңіз қондырғыларының радиооператоры;
жер үсті радиооператоры;" ;

"ұшу апаратын өңдеу жөніндегі техник;" деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"теңіз қондырғыларына тікұшақты қондыру жөніндегі техник;".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі